



2019 жылдың 15 қарашасы күні сағат 15.00-де Т.Ахтанов атындағы облыстық драма театрында Облыс әкімдігінің қолдауымен, облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы мен С.Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасының ұйымдастыруымен лирик акын Сағи Жиенбаевтың және жазушы Тобық Жармағамбетовтың 85 жылдығына, кітапхананың 40 жылдық мерейтойына орай «Ақтобе. Жылдар. Тұлғалар» атты республикалық еске алу кеші өтті.

Кеш «Әдебиет. Рух. Қоғам» Республикалық әдебиет форумына аясында өтеді. Кешке Оразалин Оңдасын Сейітұлы - Ақтобе облысының әкімі; Кәдірбаев Нұрхан Кенжебайұлы - Ақтобе облысының мәдениет архивтер және құжаттама басқармасының басшысы; Ұлықбек Есдәулет – акын, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ҚР Жазушылар Одағының төрағасы; Ақүштап Бакыткереева - акын, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, "Алаш" Халықаралық әдеби сыйлығының иегері, Құрмет орденінің иегері, Қазақстан Жазушылар Одағы Батыс Қазақстан облыстық филиалының директоры; Мәди Айымбетов - Жазушы, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері, Байғанин ауданының Құрметті азаматы; Озипа Жиенбаева – Сағи Жиенбаевтың жары; Қарлығаш Сағикызы – Сағи Жиенбаевтың қызы; Сапия Жармағамбетова - Тобық Жармағамбетовтың жары; Әсем, Тілектес Жармағамбетовалар - Тобық Жармағамбетовтың қарындастары; Жанат Әскербекқызы – акын, Л.Н.Гумелев атындағы Еуразия ұлттық университетінің оқытушысы; Мейірхан Ақдәулетұлы - акын «Адырна» журналының редакторы; Ашықбаев Ертай Ахатұлы - акын, облыстық «Ақтобе» газетінің бас редакторының орынбасары, Қазақстан Жазушылар Одағы Шәкәрім Құдайбердіұлы атындағы сыйлығының иегері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты; Бауыржан Бабажанұлы – акын, Ақтобе газетінің бас редакторы; тағы да басқа республикамызға танымал акын - жазушылар, жыр сүйер қауым қатысты.

Шараны Ақтобе облысының әкімі Оңдасын Сейітұлы Оразалин ашады. Шара барысында акын, ҚР Жазушылар Одағының төрағасы Ұлықбек Есдәулет «Өмірі сырға толы Сағи акын» тақырыбында баяндама жасап, «Сәулелі гүмбір – саналы ой иелері» атты тақырыбында акын, «Адырна» журналының бас редакторы Мейірхан Ақдәулетұлы

соз сойлейді. Сонымен қатар С.Жиенбаевтың олендері оқылып, жастар әдемі әуенге би билейді. Ақынның сөзіне жазылған «Айналдым елім», «Карттар» атты өндерін әнші Орал Бәйсенгір сынды өнерімізге танымал әнші орындайды. Сағи Жиенбаев пен Тобық Жармағанбетовке арнаған «Үнсіз үндестік...» пьесасы сахналанады. Туынды авторы ақын Гүлжайнар Қалдина, режиссері Мейрам Хабибуллин. «Жемнің жарық жұлдыздары» атты кен көлемде кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Жыл басынан бері кітапханамызда Сағи Жиенбаевқа арналған әдеби кештер, байқаулар өтті. Соның ішінде «Талантымен танылған тұлғалар» атты Тобық пен Сағига арналған республикалық ғылыми зерттеу жобасының байқауы, «Сырлы ақынның нұрлы жырлары» республикалық жазба ақындар мұшәйрасы, онлайн байқаулары, Сағи оқулары өтті.

Сағи Жиенбаевтың жары Озипа Жиенбаевамен және оның қыздарымен кітапхана тығыз байланыста. Жуырда Алматы қаласынан Сағи Жиенбаевтың жеке кітапханасы өкелінді. Кітапханада Сағи Жиенбаевқа арналған ақын атында «Оқу залы» ашылды. Бұл залда «Ердің бір сикыр қаламға...» атты өзінің туындыларынан көрме жасакталып тұр. Көрме үнемі баспасыз материалдарымен, өдістемеліктермен толықтырылып тұрады. Ақын атындағы оқу залында Сағи ақынға арналған шаралар өтед. Бүгінгі кеш Сағи Жиенбаевтың 85 жылдығына арналған іс-шаралардың қорытындысы.

«Ақтөбе. Жылдар. Тұлғалар» атты республикалық еске алу кеші

Автор: Administrator
15.11.2019 00:00 -

